

Хаттама №1

«22» қыркүйек 2025 жыл

2025 жыл 22 қыркүйек күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

2025 жылдың қыркүйек айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Л.Байнияз мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана бөлмесі мен тазалығы, тамақтың дәмі мен берілісі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде хабарлама жасады.

Жарыссөз:

А.Амантайқызы (комиссия мүшесі, әлеуметтік педагог)

2025 жылдың қыркүйек айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының хабарламасын тыңдап отырмыз. Мектептегі 429 оқушының 203 оқушысы ыстық тамақпен қамтылған. Мектеп асханасының жағдайын, асхананың ішкі тазалығын, ыдыс –аяқтардың дұрыс жуылуын, азық-түліктердің сақталуы мен тұтыну мерзімін қадағалап тексердік. Бекітілген мәзір бойынша тамақ беріледі. Тәуліктік сынама алу мен сақталуы қамтамасыз етілген. Тоңазытқыштың да ішіндегі тағамдардың сақталу тазалығы қаралды.

А.Жазықбаева (комиссия мүшесі, ДТІЖО)

Мектептегі ыстық тамақтың ережеге сай берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отырғанын көрдік. Тамақ нормаға сай берілуде. Балалар тамақты жақсы ішіп отыр. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Тамақтардың сертификаттары тексерілді. Ескертетін бір жайт тамақ сертификаттарының, соның ішінде жұмыртқа, қаймақ кілегейі, какао ұнтағының жарамдылық мерзімі аяқталған.

Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбикісі С.Рахметоллақызына міндеттелінсін.
2. Қыркүйек айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Л.Байнияз *Бей* Комиссия төрайымы, мектеп директорының уақытша м.а

Комиссия мүшелері:

А.Жазықбаева *Аман* Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

С.Рахметоллақызы *Саркел* Мектеп медбикісі

Г.Шоқан *Шоқ* Қамқоршылық кеңес мүшесі

А.Кабдолова *Аман* Ата-ана

Г.Өтепова *Гүл* Ата-ана

А.Амантайқызы *Аман* Әлеуметтік педагог